


# №9 САБАҚ



Медиа  
сабақ

ТАҚЫРЫП:  
**КОНТЕНТ**



**Контент** – мазмұны, мағынасы  
деп аударылады; бұл веб-ресурс  
парақшасында жарияланған  
кез келген ақпарат.

**Контент** – бұл мәтіндер, аудио және видеофайлдар, анимация, суреттер және ғаламтор-ресурсқа жүктелген кез келген ақпарат яғни, пайдаланушы ғаламтордан оқып, көре алатын және ести алатынның бәрі.



## Мәтіндік ақпарат



Контенттің бұл түрін ең көп таралған деп айтуға болады, себебі Ғаламтордағы ақпараттың көпшілігі мәтін түрінде ұсынылған:

- мақалалар;
- кітаптар;
- тауарларға шолу;
- хабарландырулар және тағы басқалар;



## Видеофайлдар

Роликтер, фильмдер, таныстырулар, сторис, видеожазбалардағы анықтамалық материалдар. Мысалы, сіздер қазір біздің сайттың видеоконтентін көріп отырсыздар.



## Аудиофайлдар


- музыка;
- сабақтар;
- лекциялар;
- аудиокітаптар  
және  
басқалары;




**Кез келген пост (фото, видео пост немесе твит) – бұл ең алдымен тарих.**

Адамдарға жаңа тарихты білу қызықты.

Сонымен қатар бұл тарихты дұрыс беріп үйрену керек.







Контенттің қалай жасалатынын біле отырып, сіз естігеніңізге, көргеніңізге және оқыған нәрселеріңізге әлдеқайда сыни көзқараспен қарайтын боласыз. Егер сіз видеоны режиссура жасап, фотосуретті алмастырып қоюға болатынын білсеңіз, онда ақпаратқа аса сыни көзқараспен қарау керектігін және бәрін шындық деп қабылдамау керектігін түсінесіз.



Бұл сайттың контенті – медиасауаттылық бойынша видеосабақтар..

**Медиасауаттылық** - бұл медианың әртүрлі типтеріне жақсы бағдар жасай білу және олардың мәнін түсіну.



## Қорытынды:

# Біз әртүрлі көздерден (теледидар, радио, газеттер мен журналдар) ақпарат аламыз. Сондай-ақ, біз видео ойындар, жарнама, мәтіндік хабарлар, видеороликтер, әлеуметтік желілер және т.б. көреміз.

# Ақпарат толқынына батып кетпеу үшін оны ақылмен пайдалану керек, оған сыни тұрғыдан қарау, авторлардың мақсатын түсіну, өзіне сұрақтар қою, жауапкершілікпен медиабағдарлама құру қажет.

# Медиа сауаттылықты үйрену осы дағдыларды дамытуға көмектеседі.